

Білім беру мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 213 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 536 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.04.27 № 536 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Білім беру мониторингін жүзеге асыру ережесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жыл сайын 1 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне білім беру мониторингін жүргізу қорытындылары жөнінде ақпарат ұсынсын.
3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 5 наурыздағы
N 213 қаулысымен
бекітілген

Білім беру мониторингін жүзеге асыру ережесі

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы Білім беру мониторингін жүзеге асыру ережесінде (бұдан әрі - Ереже) мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) білім беру мониторингі - білім беру процестерін жүзеге асырудың нәтижелері мен шарттарының, білім алушылар контингентінің, білім беру ұйымдары желісінің жай-күйін және өзгерістер серпінін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау;

2) Қазақстан Республикасындағы білім берудің жай-күйі туралы ұлттық баяндама - іріктелген индикаторлар мен көрсеткіштердің негізінде әрбір оқу жылының қорытындылары бойынша республиканың білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуын сипаттайтын талдамалық есеп (құжат).

2. Жалпы ережелер

2. Ереже "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

3. Ереже білім беру саласындағы орталық атқарушы органның, жергілікті білім беруді басқару органдарының, білім беру ұйымдарының олардың білім беру мониторингін жүзеге асыру бөлігіндегі қызметін ұйымдастыру тәртібін, білім беру мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер беру кезеңділігін, өткізілген білім беру мониторингінің ағымдағы нәтижелері бойынша жыл сайынғы қорытынды құжаттың мазмұнын айқындайды.

4. Білім беру мониторингінің деректері мемлекеттік статистика деректерін қамтиды және барлық білім беру ұйымдарын және барлық деңгейдегі білім беруді басқару органдарын қамтитын білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесін құрайды және әртүрлі санаттағы пайдаланушылардың ақпараттық қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға арналған.

Білім беру мониторингі шеңберінде пайдаланылатын мемлекеттік статистика деректері "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жиналады, өңделеді және таратылады.

5. Білім беру мониторингінің мақсаты Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің жай-күйі туралы, ондағы сапалық және сандық өзгерістер туралы тұтастай көзқарасты қалыптастыру, білім беру жүйесін дамыту үрдістеріне талдау және болжау жүргізу және саланы басқару тетігін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды пысықтау үшін жағдайлар жасау болып табылады.

6. Білім беру мониторингінің негізгі міндеттері:

1) білім беру жүйесінің жай-күйі туралы, ондағы сапалық және сандық өзгерістер туралы тұтастай көзқарасты қамтамасыз ететін көрсеткіштер кешенін әзірлеу;

2) білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы ақпаратты зерделеу және жүйелеу, оның дамуындағы теріс және оң үрдістерді айқындау және осының негізінде басқару саласындағы жағымсыз үрдістерді жою мен тәжірибені тарату жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) білім беру жүйесінде болып жатқан процестер туралы ақпаратты жыл сайын және көрнекі ұсынуды қамтамасыз ету;

4) білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуын талдау және болжауды

ақпараттық қамтамасыз ету, басқарушылық шешімдер жобаларын әзірлеу;

5) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу мақсатында білім беру саласындағы заңнаманы қолдану практикасын талдау және оны қолданудың тиімділігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

6) білім беру сапасының халықаралық салыстырмалы зерттеулерінің нәтижелерін талдау болып табылады.

7. Білім беру мониторингінің негізгі субъектісі білім беру саласындағы орталық атқарушы орган болып табылады.

Білім беру мониторингінің субъектілері мынадай иерархиялық жүйені құрайды :

1) білім беру ұйымдары ;

2) аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың білім беруді басқару органдары ;

3) облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органдары ;

4) білім беру саласындағы орталық атқарушы орган.

8. Білім беру мониторингінің объектісі нақты мониторингтік рәсімдер бағытталған білім беру жүйесі болады.

9. Білім беру мониторингінің мәні оқыту процестерінің жүзеге асырылу нәтижелері мен шарттары өзгерістерінің, білім алушылар контингентінің, білім беру ұйымдары желісінің жай-күйі мен серпіні болады.

10. Білім беру мониторингінің барлық рәсімдерін ұйымдық-әдістемелік және бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етілуін салалық үйлестіруді білім беру саласындағы орталық атқарушы орган жүзеге асырады.

11. Жергілікті деңгейде білім беру мониторингінің функциялары жергілікті білім беруді басқару органдарына жүктеледі.

3. Білім беру мониторингінің құрылымы мен түрлері

12. Білім беру мониторингінің құрылымына статистикалық есептілік индикаторларының жиынтығы болып табылатын мониторингтік қызметтің мынадай көрсеткіштері мен нұсқаулықтарының кешені кіреді:

мемлекеттік статистикалық есептілік;

білім беру ұйымдарын лицензиялау, мемлекеттік аттестаттау мен аккредиттеу рәсімдерінің нәтижелері ;

білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың білім беруді басқару органдарының, білім беру ұйымдарының қызметтерін тексеру нәтижелері;

білім алушыларды мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижелері;
жалпы орта білім беретін оқу орындарының жоғары сатысының білім алушыларын ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері;
талапкерлерді кешенді тестілеу нәтижелері;

екінші (үшінші) курс студенттерін, жалпы орта білім берудің бастауыш және негізгі сатысының оқушыларын аралық мемлекеттік бақылау нәтижелері;

педагогикалық және басшы кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды аттестаттау туралы деректер;

инновациялық қызметті сараптау деректері;
мемлекеттік органдардың сұрауы бойынша жүзеге асырылатын зерттеулер е с е п т е р і ;

халықаралық салыстырмалы зерттеулер нәтижелері;
жұмысшы кадрлар мен техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандарының кәсіби даярлығын, біліктілігін растау және оны беруді бағалау н ә т и ж е л е р і ;

мониторингтік тексерулердің нәтижелері;
социологиялық зерттеулердің нәтижелері.

13. Барлық жиналатын ақпараттар:
білім беру ұйымдарының желісін;
жағдайларды (қаржылық, материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық, бағдарламалық-әдістемелік, кадрлық);

жалпы мәліметтер: білім алушылар мен тәрбиеленушілер контингентін, олардың денсаулығы туралы деректерді, оқу жетістіктерінің нәтижелерін;
тәжірибелік-эксперименталдық және ғылыми-зерттеу қызметті;
әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қолдауды;

білім беру ұйымдарының, білім беруді басқару органдарының және тұтастай білім беру жүйесінің қызметін қоғамдық бағалауды сипаттауы тиіс.

14. Білім беру мониторингі білім беру жүйесі туралы ақпаратты жинау, жүйелі есепке алу, өңдеу мен талдау, сондай-ақ сақтау, жаңарту, жинақтау және тарату жолымен білім беру ұйымдарының қызметін жүйелі байқау түрінде жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

15. Білім беру мониторингінің көрсеткіштері мен индикаторларының тізбесін, деректер беру нысандары мен форматтарын, оларды беру тәсілдерін, қорытындылау рәсімдерін білім беру саласындағы Орталық атқарушы орган а й қ ы н д а й д ы .

16. Білім беру ұйымдарының қызметі туралы бастапқы ақпаратты жинау, есеп беруді қалыптастыру және оны ықпалдастыру, талдау және оны білім беру мониторингі субъектілерінің ағымдағы жылғы білім беру мониторингіне орталық атқарушы органға беру есепті күнтізбелік жылдан кейінгі 5 қаңтарда аяқталады.

17. Білім беру мониторингі субъектілерінің білім беру мониторингі деректерін ұсынуы иерархия сақтала отырып тегін жүзеге асырылады және міндетті талап болып табылады.

18. Білім беру мониторингінің қорытындыларын шығарудың кезеңділігі жылына 1 рет, 1 сәуірге дейін белгіленеді.

19. Білім беру мониторингінің жыл сайынғы нәтижелері қорытынды құжат - Республиканың білім беру жүйесінің жай-күйі туралы ұлттық баяндамада ресімделеді, ол фактілерді айқындаудан, ұйғарымдардан, даму болжамы мен қажетіне қарай ұсыныстардан тұруы тиіс.

Қорытынды құжатқа статистикалық деректер, құрылған тәуелділік пен заңдылық диаграммалары қоса беріледі.

Білім алушылардың оқу жетістіктеріне әр жылға қойылатын белгіленген нақты талаптарға байланысты Ұлттық баяндаманың мазмұны өзгеруі мүмкін.